Бекітемін

М.Шоқай атындағы

№51 мектеп гимназия

директоры Сатиева А.Ч

«___» _____ 2026 ж.

2026-2027 оқу жылына арналған

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ

ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:
Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін уақтылы анықтау және бағалау, олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, білім беру процесіне табысты қатысуына, дамуына және әлеуметтенуіне қолайлы жағдай жасау.
Міндеттері:

1. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және кешенді бағалау.
2. Білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.
3. Түзете-дамыту және психологиялық-педагогикалық іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру.
4. Педагогтерге оқу бағдарламаларын бейімдеу, оқыту әдістерін таңдау және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік көмек көрсету.
5. Ата-аналарға немесе заңды өкілдерге баланың даму және білім алу ерекшеліктері бойынша консультациялық қолдау көрсету.
6. Білім алушылардың даму динамикасын, оқу жетістіктерін және әлеуметтік бейімделуін жүйелі түрде бақылау.
7. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының, педагогтердің, мектеп әкімшілігінің және ата-аналардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.
8. Білім беру ұйымында қауіпсіз, қолайлы және кедергісіз инклюзивті орта қалыптастыру.
9. Қажет болған жағдайда ПМПК және басқа да мүдделі ұйымдармен ведомствоаралық өзара байланысты ұйымдастыру.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. **Диагностикалық бағыт** – білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке даму ерекшеліктерін және қолдау қажеттілігін анықтау және бағалау.
2. **Түзете-дамыту бағыты** – білім алушылардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық-еріктік, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру.
3. **Консультациялық және ағартушылық бағыт** – педагогтер мен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
4. **Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бағыты** – білім беру процесіне қатысушылар арасында толеранттылықты, өзара құрметті, ынтымақтастықты және әртүрлілікті қабылдау құндылықтарын дамыту.
5. **Ұйымдастыру-үйлестіру бағыты** – психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының командалық жұмысын ұйымдастыру, құжаттаманы жүргізу және мүдделі ұйымдармен өзара байланысты қамтамасыз ету.

№	Іс-шаралардың атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Есеп беру нысаны
I. Диагностикалық бағыт				
1.1	ПМПК қорытындылары мен ұсынымдарын зерделеу	Қыркүйек	Арнайы педагог, мамандар	Хаттама, қорытындылар
1.2	Моторлық дағдыларды бағалау және оқу қиындықтарын анықтау	Қыркүйек	Арнайы педагог	Диагностикалық карталар
1.3	Сабақтарға қатысу арқылы баланың оқу үдерісіндегі қажеттіліктерін зерделеу	Жыл бойы	Арнайы педагог	Бақылау хаттамасы
1.4	Оқу жетістіктері мен түзете-дамыту жұмысының динамикасын зерттеу	Тоқсан сайын	Арнайы педагог	Мониторинг картасы
II. Түзете-дамыту бағыты				
2.1	Жеке оқу және түзете-дамыту бағдарламаларын құрастыру	Қыркүйек, Қаңтар	Арнайы педагог	Жеке бағдарламалар
2.2	Жеке, кіші топтық және топтық түзете-дамыту сабақтарын өткізу	Жыл бойы	Арнайы педагог	Сабақ жоспарлары
2.3	Түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және түзету енгізу	Тоқсан сайын	Арнайы педагог	Жетістіктер журналы
III. Консультациялық және ағартушылық бағыт *(Мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыс)*				
3.1	Ата-аналармен алғашқы әңгімелесу, бала туралы мағлұмат жинақтау	Қыркүйек	Арнайы педагог	Сауалнама, мәліметтер
3.2	Мұғалімдерге ЕББҚ бар балаларды оқыту мәселелері бойынша кеңес беру	Жыл бойы	Арнайы педагог	Кеңесті тіркеу журналы
3.3	**Семинар:** «ЕББҚ бар оқушылардың үй тапсырмасын тиімді ұйымдастыру» (Ата-аналарға)	Қазан	Арнайы педагог	Анықтама, ұсынымдар
3.4	**Семинар:** «Оқыту процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері: саралап және даралап оқыту» (Мұғалімдерге)	Қараша	Арнайы педагог	Өткізілген жұмыс анықтамасы
3.5	**Практикум:** «Оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері мен тиімді тәсілдері»	Ақпан	Арнайы педагог	Әдістемелік ұсынымдар
3.6	Ата-аналарға арналған кеңес: «Мүмкіндігі шектеулі балаларға кәсіптік бағдар беру»	Қаңтар	Арнайы педагог	Үлестірмелі материал

3.7	**Семинар:** «Балаларды үй жағдайында қолдау: әдістер мен тәсілдер»	Сәуір	Арнайы педагог	Анықтама
IV. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру				
4.1	«Барлығымыз әртүрліміз – барлығымыз теңбіз» тақырыбында инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие сағаттарын өткізу	Қыркүйек 2026 ж.	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, топ жетекшілері	Ақпарат, фотоматериал
4.2	«Кедергісіз орта – баршаға ортақ мүмкіндік» тақырыбында білім алушылар арасында түсіндіру және ақпараттық жұмыстар жүргізу	Қараша 2026 ж.	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Анықтама, фотоматериал
4.3	«Мейірімділік пен құрмет – инклюзивті қоғам негізі» атты психологиялық тренинг ұйымдастыру	Ақпан 2027 ж.	Педагог-психолог, топ жетекшілері	Тренинг хаттамасы, фотоматериал
4.4	«Тең мүмкіндік – жарқын болашақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	Сәуір 2027 ж.	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, педагог-психолог	Хаттама, ақпарат, фотоматериал
V. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты				
5.1	ППҚҚ отырыстары №1	02.09.2026ж.	ППҚ төрағасы, арнайы педагогтар	Хаттама №1
5.2	ППҚҚ отырыстары №2	27.10.2026ж.	ППҚ төрағасы, арнайы педагогтар	Хаттама №2
5.3	ППҚҚ отырыстары №3	05.01.2027ж.	ППҚ төрағасы, арнайы педагогтар	Хаттама №3
5.4	ППҚҚ отырыстары №4	26.03.2027ж.	ППҚ төрағасы, арнайы педагогтар	Хаттама №4
5.5	ППҚҚ отырыстары №5	20.05.2027ж.	ППҚ төрағасы, арнайы педагогтар	Хаттама №5
5.6	ЕББҚ ететін білім алушылардың БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын зерделеу	Тоқсан соңында	Арнайы педагог, мұғалімдер	Талдау жұмыстары
5.7	Педагогикалық консилиум (ППҚҚ) отырыстарына қатысу	Тоқсан сайын	Арнайы педагог	Отырыс хаттамасы

5.8	ППҚҚ кабинетін арнайы құралдармен және әдістемелік материалдармен жабдықтау	Жыл бойы	Арнайы педагог	Құралдар тізімі
5.9	Арнайы педагогтың жылдық қорытынды рефлексиялық есебі	Мамыр	Арнайы педагог	Жылдық есеп

Арнайы педагог: Тұрдалы Г._____